

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.  
ГУМИЛЕВА**

**"ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ДАМУЫ: ШЫНДЫҒЫ МЕН БОЛАШАҒЫ"  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ  
международной научно-практической конференции  
"СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НЕЗАВИСИМОГО  
КАЗАХСТАНА: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ"**



**9 желтоқсан, 2021  
Нұр – Сұлтан**

**ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)**

**ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73**

**Т29**

**Редакция алқасы**

*МАЙДЫРОВА А.Б.* - төрайым, э.ғ.д., профессор, кафедра меңгерушісі,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*БАЙЖОЛОВА Р.А.* - э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М.* - э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ТЛЕСОВА Э.Б.* - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*БЕРЖАНОВА А.М.* - э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ЖАНАБАЕВА Ж.К.* - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*АУЕЛБЕКОВА А.К.* - э.ғ.к., доцент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*ДОСМАҒАНБЕТОВ Н.С.* - э.ғ.м., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*КАЗБЕКОВА З.К.* - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*НҰРЛАНҰЛЫ А* - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

**ISBN 978-601-337-610-3**

**Т29** "Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы: шындығы мен болашағы" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 361 б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции "Социально-экономическое развитие независимого Казахстана: реалии и перспективы". – Нур-Султан: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2021. – 361 с.

Works of the International scientific - practical conference "Socio-economic development of independent Kazakhstan: realities and prospects". - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021. – 361 p.

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

**ISBN 978-601-337-610-3**

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. <https://egemen.kz/article/243295-elimizde-enhbek-baghdarlamasy-qalayiske-asyryluda>
2. [https://kk.wikipedia.org/wiki/Ақмола\\_облысы#Өнеркәсіп](https://kk.wikipedia.org/wiki/Ақмола_облысы#Өнеркәсіп)
3. <https://docviewer.yandex.kz/view/1478084430/?page>
4. «Экономикалық теория» Есенғалиева Қ.С.
5. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Жұмыссыздық>
6. <https://7kun.kz/aza-stan-respublikasyny-inflyatsiya-a-arsy-sayasaty-kursty-zh-mys/>

## ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

**Жантелеуова Г.М.**

Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

[zhanteleuova@mail.ru](mailto:zhanteleuova@mail.ru)

Қазіргі кәсіпкерлік әрбір адамның және жалпы қоғамның экономикалық әлеуетін жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Соның арқасында жаңа қоғамдық байланыстар мен экономикалық құрылымдар құрылып, еңбек өнімділігі артады. Сондықтан да соңғы кездері өндірістік, техникалық, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуге келгенде «кәсіпкерлік» термині жиі қолданылады.

Бүгінде Қазақстанда шағын және орта кәсіпорындарды жаңа инновациялық әдістер арқылы қолдауға көп көңіл бөліне отырып, олар бизнес - инкубаторлар, технопарктер, бизнес орталықтары және инновациялық басқа да құрылымдар арқылы жүзеге асыру көзделген [1].

Республиканың Үкіметі алдында нарықтық экономиканың амал - тәсілдеріне бейімделіп, экономикалық мәселелерді шешіп, экономикасы дамыған елдердің қатарына қосылу мақсаттары тұр. Ел экономикасын дамытудағы мәселе Отандық өндірісті дамыту болып саналады.

Кез-келген мемлекеттің экономикасында экономикалық дағдарысты шешу мен өндірістің құлдырауын тоқтатудың бір жолы кәсіпкерлікті дамыту болып табылады. Шағын және орта кәсіпорындар бұл – кәсіпкерлік қызметті дамытудағы өте ыңғайлы және қолайлы формалары ретінде қарастырылады. Нарықты экономикалы елдерде шағын және орта бизнестің даму деңгейін, қарқынын ел, аймақ, қала табыстылығының нақты кепілі деп есептейді [2].

Соңғы кездері бүкіл әлемде әлеуметтік кәсіпкерлікке ден қойғандар қатары артып келеді. «Ұлыбританияда ЖІӨ-нің 10 пайызы әлеуметтік кәсіпкерлікке тиесілі» деген статистика ғаламтордағы көп ақпарат құралында жазып жүр. Қазақстан Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев осыдан бірнеше жыл бұрын

мемлекеттің бірқатар функцияларын үкіметтік емес секторға беру туралы ұсыныс айтқан болатын.

Әлеуметтік кәсіпкерлік – қоғамда қалыптасқан әлеуметтік, экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған бизнес түрі. Ол – әлемде кеңінен таралған ұғым болғанымен, Қазақстан үшін жаңа тренд. «Әлеуметтік кәсіпкерлік» деп аталатын жеке категория болмағандықтан, бизнестің бұл түрін сипаттайтын нақты статистика жоқ. Тек өткен жылы Gladway әлеуметтік бағдарламалар мен медиажобаларды дамыту қоры мен SAP ТМД компаниясының бірлескен зерттеу жобасы аясында Қазақстан мен Ресейдегі әлеуметтік кәсіпкерлік ұғымының таралуы зерттелген. Көршілес мемлекеттерден 574 азамат қатысқан сауалнама нәтижесі бойынша сұралғандардың 39 пайызы «әлеуметтік кәсіпкерлік» терминімен бір жыл бұрын ғана танысқанын айтқан. Бұл қос мемлекетте 2016 жылдан бері әлеуметтік жобаларды қолдауға бағытталған байқаулар және стартап жарыстардың көбеюімен түсіндіріледі.

Әлеуметтік кәсіпкерлік – бизнестің қоғам үшін маңызды мәселелерді шешуді мақсат еткен ерекше саласы. Ең алдымен, біз әңгімемізге арқау етіп алған ұғым кәсіпкерліктің бір формасы болғандықтан, ол пайда табуға негізделетінін ұмытпаған жөн. Бұл оның қайырымдылықтан айырмашылығын айқындап береді. Өйткені қайырымдылық – пайда табу мақсатынсыз, жобаға салған ақшасы мен көмегі қайтарымызсыз негізде жүретін мүлде бөлек категория. Әлеуметтік кәсіпкерлік көбіне, қоршаған ортаның экологиялық ахуалын жақсарту, абақтыдан шыққан азаматтарды қоғамға бейімдеу, балалар демалысын тиімді ұйымдастыру сияқты қоғамда шешімін таппай, қордаланып қалған мәселелерді шешуге жұмыс істейді. Дәстүрлі әдістерге қарағанда, мұнда көбіне «әлеуметтік инновациялар» қолданылады.

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері қоғам назарын қажет ететін мәселелермен тұрақты, жүйелі түрде шұғылданады. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін экономиканың кез келген секторындағы компания белгілі бір уақыт аралығында, өз мүмкіндігі мен қалауына орай жүзеге асырады. Ол мұнай өндіретін алпауыт кәсіпорын не азық-түлік өнімдерін шығаратын шағын зауыт болуы мүмкін. Аталған мысалдағы қос компания да өз қызметкерлеріне қолдау көрсету, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған қысқамерзімді іс-шара ұйымдастыру, көмекке мұқтаж топтарға қаржы беру сияқты жобалар жасайды. Әлеуметтік кәсіпкердің субъектісі не объектісі – әлеуметтік жобалар. Яғни, өз қол астына әлеуметтік аз қорғалған топ өкілдерін жұмысқа алады, болмаса нақты бір көпшілікке пайда әкелетін жобаны іске асыру жолында қызмет етеді. Әлеуметтік кәсіпкерлік пен бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі ұғымдарының айырмашылығы да – осында.

Әлеуметтік кәсіпкерлік кәсіпорын иелері үшін негізгі мақсат – тауарлар өндіру немесе қандай да бір әлеуметтік проблеманы шешу мақсатында қызметтер көрсету болып табылады. Мұндай бизнес қызметі халықтың әлеуметтік мәселелерін шешуге көмектеседі.

Әлеуметтік-экономикалық қатынастардың дамуы маңызды әлеуметтік мәселелерді шешудің нарықтық тетігін көрсетеді. Халықтың әртүрлі

топтарының өмір сүру сапасының өсіп келе жатқан теңсіздігі, жұмыссыздық, әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен қызметтерді жеткіліксіз өндіру, әлеуметтік-экономикалық жүйе қаншалықты сәтті дамығанына қарамастан, азаматтардың әлеуметтік қорғалмаған санаттарын экономикалық және әлеуметтік өмірге біріктірудің күрделілігі орын алады. Сонымен бірге, мемлекет азаматтардың барлық санаттары үшін әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету мақсатында түзету функциясын жүзеге асыра отырып, қоғамдық игіліктерді ұсынудың кепілі бола отырып, көбінесе әлеуметтік саясат мәселелерінде тиімсіздікті көрсетеді.

Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлік-бұл әлеуметтік миссиялардың экономикалық тиімділігіне бағытталған, оны кәсіпкерлік жаңашылдықпен біріктіретін әлеуметтік қызметті жүзеге асыру тәсілі.

Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлікпен айналысатын ұйымдардың миссиясы нақты әлеуметтік проблеманы шешу.

Қазақстандағы қазіргі әлеуметтік кәсіпкерлік саласын негізгі қалыптастыру бағыттары мыналар:

- әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту саласында нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуді қалыптастыру;
- әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің санын арттыру;
- әлеуметтік міндеттерді шешуге бағытталған мемлекеттік-жекешелік әріптестік нысандарын дамыту;
- әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын қалыптастыру;
- әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға коммерциялық емес ұйымдарды тарту;
- әлеуметтік кәсіпкерлік саласында жүйелі ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру; әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуды ғылыми сүйемелдеуді қамтамасыз ету.
- әлеуметтік кәсіпкерлік саласында жұмыс істеу үшін кәсіби кадрлар даярлау.

Жаңадан бастаған әлеуметтік кәсіпкерлер көбінесе ынталы және бірден өздерінің әлеуметтік бизнесіне енгісі келеді. Алайда, мұндай бизнесті бастамас бұрын, алдымен нарықты және таңдалған қызмет саласының барлық қиындықтарын зерттеп, ықтимал серіктестер мен клиенттер туралы барлық ақпаратты білу керек. Яғни, үлкен жоспарларға сүйене отырып, қазіргі шындыққа сүйене отырып, ұтымды ойлау керек.

Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлікті ынталандыру шараларына «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы арқылы қолдау бағыттары бойынша жасалып жатырған шараларға мыналар жатады: 430 мың адам осы бағдарламаның қатысушысы болды (жалпы 176 млрд. теңге, соның ішінде қосымша 50 млрд.теңге қарастырылған, 71,5 млрд. теңге-миконесиелер мен гранттарға, оқытуға 32,6 млрд. теңге, қоныс аударуды субсидиялау мен әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру бойынша-71,9 млрд. теңге жұмсалған). Қазақстанда 2020 жылғы деректер бойынша:

- 95%-ға дейін қарыз кепілдігімен аз қамтылған және көп балалы отбасылар үшін жеңілдетілген шағын несиенің максималды сомасы 8 млн. теңгеден 22 млн. теңгеге дейін ұлғайтылған.

- 769 көп балалы және аз қамтылған отбасы 2,8 млрд. теңгеге жеңілдікті микрокредиттер алған.

- Аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан 9 мыңнан астам адам мемлекеттік гранттар алған.

- 10 мың мүгедек адам жұмысқа орналастырылған (тұрақты жұмыс орындарына – 3115 адам, уақытша жұмыс орындарына – 6877 адам).

Әлеуметтік кәсіпкерлер нарық тұрғысынан тартымсыз міндеттерді алады. Әдетте, мұндай міндеттерді шешу дәстүрлі түрде мемлекеттің функцияларына жатады: денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарын қолдау, экологиялық тұрақтылық және басқалар. Бұл ретте әлеуметтік кәсіпкерлік мемлекеттік әлеуметтік саясатты қамти алмайтын белесті иеленеді [3].

«Әлеуметтік кәсіпкерлік» туралы заң бүкіл әлем бойынша тек Оңтүстік Кореяда ғана бар. 2016 жылғы есеп бойынша, Қазақстанда 120-150 әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі бар. «Әлеуметтік кәсіпкерлер» үшін салық бойынша ешқандай жеңілдік қарастырылмаған. Қазір әлеуметтік кәсіпкерлікке қызығушылық өте көп. Әсіресе, инвесторлар қайырымдылыққа қаржы бағыттағаннан, оны бизнеске салып, бір бөлігін қайтарып алғанды жақсы көреді. Әлеуметтік стартап жобаларға байқаулар мен білімін жетілдіруге гранттар беретін жарыстар жиі ұйымдастырылады. Әлеуметтік кәсіпкерлікпен айналысуға кедергі жоқ.

Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерліктің негізгі бағыты мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдау, балаларды бұқаралық спортқа баулу, қоршаған ортаны қорғау сияқты мәселелерге арналған. Сәтті жобалардың қатарына Ерлан Күмісқалиевтің Атырау қаласында мүмкіндігі шектеулі балаларды иппотерапия негізінде емдеуге маманданған оңалту орталығы, Анна Шелепованың тұрғын үй аулаларында тегін спорттық алаңдар, мұз айдындарын салуды көздеген Sport Concert жобасы, Айбек Есімовтің балалар үйінің тәрбиеленушілері үшін тегін би үйрететін MMDance орталығын жатқызуға болады. Еліміздің әр өңірінде әлеуметтік кәсіпкерліктің мұнан өзге жүздеген жарқын үлгілері бар.

Елдегі әлеуметтік кәсіпкерлік қызметтің өсуі мен экономикалық нәтижелерге жетуі: құқықтық базаға, кәсіпкерлік орталық институционалдық түрде құрылуы, кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау құрылымының деңгейімен байланысты болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Кулиев П., Кантарбаева А. Институциональные структуры поддержки малого и среднего бизнеса в Казахстане. // АльПари. № 6. 2002. С.78-79.

2. Арзаева М.Ж. Шағын және орта бизнесті салықтық реттеудің қазіргі кездегі жағдайы. Қазақстанның Тәуелсіздігінің 10 - жылдығына арналған ХҒТ

Конференция. Қазақстан жаңа үлгідегі даму жолында. II- бөлім. Алматы. Каз ГАУ. 2001. С.262.

3. Багдасарьян И. С. Социальное предпринимательство: место и роль в региональной экономике инновационного развития//Фундаментальные исследования. - 2016. - № 9–2. - С. 323.

## **КӨРМЕ ІС-ШАРАЛАРЫН ТУРИСТІК ҚЫЗМЕТТЕ ПАЙДАЛАНУ**

**Жумагулова А.М., Молдашева А.Б.**

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Қазақстан, Тараз қ.

[azhumaqulova@mail.ru](mailto:azhumaqulova@mail.ru)

[altun\\_78@mail.ru](mailto:altun_78@mail.ru)

Туристік көрмелер-бұл өз қызметтерін ұсынудың, бәсекеге қабілеттілікті бағалаудың, сондай-ақ осы саламен байланысты ұйымдар үшін клиенттік базаны толықтырудың тамаша мүмкіндігі. Көрмелер негізінен көктем мен күзде, демалыс маусымы қарсаңында өткізіледі. Көрмелер туристік имиджді қалыптастырудың және компанияны аймақтық немесе халықаралық нарыққа жылжытудың ең тиімді әдістерінің бірі екені белгілі. Бұл көрме іс-шарасында ұйымдардың серіктестермен сөйлесуге және өз қызметін немесе өнімін ұсынуға ғана емес, сонымен қатар жаңа клиенттерді табуға, сонымен қатар олардың қажеттіліктерін түсінуге мүмкіндік беретіндігімен түсіндіріледі, бұл болашақта компанияға өз тауарлары мен қызметтерін жақсартуға көмектеседі. Олардың негізгі қатысушылары-туристік агенттіктер мен туроператорлар.

Туризм және демалыс көрмесіне келушілер жаңадан келген және тәжірибелі саяхатшылар да, жұмыс тапқысы келетін туристік саланың мамандары да бола алады, өйткені көрмелерде жас мамандарға жұмысқа орналасуға көмектесетін бос орындар жәрмеңкелері сирек емес. Егер көрме жоғары мамандандырылған болса, мысалы, медициналық туризммен байланысты болса, онда мұндай іс-шараға өз денсаулығын жақсартқысы келетіндерге бару пайдалы болады. Көрме іс-шарасында келушілер көптеген туристік ұйымдардың ұсыныстарымен танысып, ең қолайлысын таңдай алады.

Бүгінгі таңда Қазақстан туризм саласына арналған көптеген көрмелерге қатысады, жоғары мамандандырылған және осы саланың көптеген бағыттарына қатысты.

Қазақстан қатысатын ең танымал халықаралық туристік көрмелердің бірі- ITB. Ол 1966 жылдан бері өткізіліп келеді және барлық туристік ұсыныстар мен қызметтерді жылжыту үшін ең ыңғайлы платформа болып саналады. Берлин форумы туризм саласының мамандарын ғана емес, мейрамхана мен қонақ үй бизнесі мамандарын да қабылдайды. Жұмыстың соңғы күндерінде ITB-ге көпшілік барады, оның үштен бірі турларды дәл сол жерде брондайды. Аудиториямен осындай интерактивтің арқасында көрме өзіне танымалдылық